

Индер ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізудің тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 266-V шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 24 сәуірде № 3191 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 2016 жылғы 15 ақпандағы № 349-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 15.02.2016 № 349-V шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына және "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10-бабына сәйкес, Индер ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізудің қосымша тәртібін реттеу мақсатында аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Индер ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу орындары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Шешімнің орындалуына бақылау жасау аудандық мәслихаттың әлеуметтік саясат, білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, жастар ісі, құқық қорғау, депутат этикасы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (А. Доспаева) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезекті

XXIX сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

О. Ділмұқашева

Б. Сапаров

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы "26" наурыздағы № 266-V шешіміне қосымша

Индер ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу орындары

№	Елді мекеннің атауы	Орын
1	Индербор кенті	Бейбарыс көшесі бойындағы алаң

2	Көктоғай ауылы	"Көктоғай-Мәдениет" МКҚК ғимараты алдындағы алаң
3	Өрлік ауылы	"Өрлік-Мәдениет" МКҚК ғимараты алдындағы алаң
4	Есбол ауылы	С. Датов көшесіндегі спорт алаңы
5	Ынтымақ ауылы	"Ынтымақ-Мәдениет" МКҚК ғимараты алдындағы алаң
6	Елтай ауылы	"Елтай-Мәдениет" МКҚК ғимараты алдындағы алаң
7	Аққала ауылы	"Аққала-Мәдениет" МКҚК ғимараты алдындағы алаң
8	Бөдене ауылы	М. Мөңкеұлы көшесіндегі алаң
9	Жарсуат ауылы	М. Мусина көшесіндегі саябақ
10	Құрылыс ауылы	"Құрылыс-Мәдениет" МКҚК ғимараты алдындағы алаң

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК